

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 9 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 маусымдағы № 147 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 шілдеде № 3942 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 14 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 19.01.2016 № 14 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып және "2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 1300 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 84 қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 9 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3802 тіркелген, 2015 жылғы 5 ақпандағы "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

|             |            |
|-------------|------------|
| Облыс әкімі | Н. Ноғабев |
|-------------|------------|

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. С. Мамытбеков

"12" 06. 2015 ж.

|                                   |               |
|-----------------------------------|---------------|
| 2015 жылғы                        | 16 маусымдағы |
| № 147 Батыс Қазақстан             | облысы        |
| әкімдігінің қаулысына қосымша     |               |
| 2015 жылғы                        | 20 қаңтардағы |
| Батыс Қазақстан                   | № 9 облысы    |
| әкімдігінің қаулысымен бекітілген |               |

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

| №   | Субсидиялау бағыты   | Өлшем бірлігі | 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге | Субсидия көлемі | Субсидия сомасы, мың теңге | Ірі қара мал шаруашылығы |
|---|--|---------------|---|-----------------|----------------------------|--------------------------|
| 1.  | Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру | бас           | 2 695,6   | 28 945          | 78 023                     |                          |
| Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы                   |  |               |   |                 |                            |                          |
| 1. Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу          |  |               |   |                 |                            |                          |
| 1)  | Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы                                 | бас           | 18 000  | 109 095         | 1 963 718                  |                          |
| 2)  | Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы   | бас           | 20 000  | 12 754          | 255 080                    |                          |
| 3)  | Жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу                                    | бас           | 104 000   | 483             | 50 232                     |                          |
| 2. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу |  |               |   |                 |                            |                          |
| 1)  | Отандық асыл тұқымды ірі қара мал  | бас           | 154 000   | 2 845           | 437 990                    |                          |
| 2)  | Импортталған селекциялық ірі қара мал  | бас           | 118 000   | 2 150           | 253 758                    |                          |
| 3. Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату                   |  |               |   | 2 458 880       | 549 934                    |                          |
| 1)  | 1-деңгей   | кг            | 300   | 1 520 230       | 456 069                    |                          |
| 2)  | 3-деңгей   | кг            | 100   | 938 650         | 93 865                     |                          |
| 4.  | Бұқашықтарды субсидиялаудың бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына                           | бас           | 24 000  |                 | 168 000                    |                          |

|  |   |      |         |             |           |
|--|---|------|---------|-------------|-----------|
|  | немесе операторға өткізу  |      |         | 7 000       |           |
|  | Барлық сомасы   |      |         |             | 3 756 735 |
| Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы |   |      |         |             |           |
| 1  | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу                                    |      |         |             |           |
| 1)                                       | Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы                                      | бас  | 20 000  | 850         | 17 000    |
| 2  | Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу   |      |         |             |           |
| 1)                                       | Импорнтталған асыл тұқымды ірі қара мал (Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан) | бас  | 118 000 | 100         | 11 800    |
| 3.                                       | Сүт өндірісінің құнын арзандату   |      |         | 2 975 000   | 54 125    |
| 1)                                       | 1-деңгей  | кг   | 25      | 1 625 000   | 40 625    |
| 2)                                       | 3-деңгей  | кг   | 10      | 1 350 000   | 13 500    |
|  | Барлық сомасы   |      |         |             | 82 925    |
| Жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығы     |   |      |         |             |           |
| 1.                                       | Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату                                     |      |         |             |           |
| 1)                                       | 2-деңгей  | дана | 2,6     | 113 100 000 | 294 060   |
|  | Барлық сомасы   |      |         |             | 294 060   |
| Шошқа шаруашылығы                        |   |      |         |             |           |
| 1.                                       | Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату   | кг   | 98      | 1 000 000   | 98 000    |
|  | Барлық сомасы   |      |         |             | 98 000    |
| Қой шаруашылығы                          |   |      |         |             |           |
| 1  | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу                                 |      |         | 107 098     | 160 647   |
| 1)                                       | Тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы                                  | бас  | 1 500   | 91 766      | 137 649   |
| 2)                                       | Асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымдық аналық қой басы        | бас  | 1 500   | 15 332      | 22 998    |
| 2  | Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу                                    | бас  | 8 000   | 3 791       | 30 328    |
| 3  | Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату:                                   |      |         | 235 765     | 37 153    |
|  | 1-деңгей  | кг   | 200     | 135 765     | 27 153    |
|  | 2-деңгей  | кг   | 100     | 100 000     | 10 000    |
|  | Барлық сомасы   |      |         |             | 228 128   |
| Жылқы шаруашылығы                        |   |      |         |             |           |
| 1.                                       | Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу   | бас  | 40 000  | 409         | 16 360    |
| 2.                                       | Қымыз өндірісінің құнын арзандату   | кг   | 60      | 83 000      | 4 980     |
| 3.                                       | Жылқы өндірісінің құнын арзандату   | кг   | 92      | 400 000     | 36 800    |
|  | Барлық сомасы   |      |         |             | 58 140    |
|  | Барлығы   |      |         |             | 4 517 988 |

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:  
кг – килограмм.